«8D02303 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Абдуллина Анар Борановнаның «Айгүл Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және мифопоэтика» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап - нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Айгүл Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және мифопоэтика» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған: 1) Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарына, оның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағыты бойынша көзделген мақсат-міндеттердің орындалуына өз үлесін қосады. 2) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы III Ұлттық құрылтайдағы (2024 жылғы 15 наурыз) Мемлекет басшысының мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге байланысты тапсырмалары мен ҚР ҒЖБМ Тіл саясаты комитетінің «Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»; 3) Абай облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының 12-мақсатына сәйкес Патриоттық құндылықтарды дәріптеу бағытының жүзеге асуына өз үлесін қосады.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	ҚР Үкімет жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылымның дамуының басым бағыты «Елдің зияткерлік әлеуеті», мамандандырылған «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» ғылыми бағыты бойынша жүзеге асып жатқан AP23486445 «Абай облысының әдеби-мәдени картасы

		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	және цифрлық интеграция (фольклордан бүгінге дейін)» гранттық қаржыландыру жобасы аясында жүзеге асқан.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы қазіргі әдебиеттану ғылымына елеулі үлес қосады. Диссертациялық зерттеуде қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілі А.Кемелбаеваның шығармашылығы дәстүр мен жаңашылдық тоғысында зерттеліп, бүгінгі әдеби үдерістегі маңызы ашылған. Зерттеу нәтижелері ғылыми айналымға енгізіліп, әдебиеттанудың теориялық-әдіснамалық базасын толықтыра түседі. Жалпы, жұмыс ғылыми қауымдастыққа жаңа тұжырымдар ұсынып, болашақ зерттеулерге бағыт-бағдар бола алады. Зерттеу нәтижелерінің ғылым үшін маңыздылығы жоғары.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертанттың еңбекті орындауы, өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертацияда академиялық жазу ұстанымдары толық сақталған. Ізденушінің ғылыми стильді меңгергендігі, өзіндік сыни пікірі, ой-топшылаулары бар. Баяндау тілі жатық. Қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары салмақты.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толық негізделген. Жалпы зерттеу мазмұнынан алынған мәліметтерге сүйене отырып, бұл диссертацияның өзектілігі мынадай факторлармен негізделеді: 1. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының дамуын А.Кемелбаеваның шығармашылық лабораториясы
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			негізінде зерделеу – қазіргі әдебиеттанудағы маңызды арналардың бірі. 2. Жазушының әлемдік әдеби ағымдарды (метамодернизм) ұлттық дүниетаныммен шебер ұштастыру ерекшелігі теориялық тұрғыда жүйеленген. 3. Ғылыми жаңалығы – ұлттық код, шежірелік проза сынды тың тақырыптарды алғаш рет кешенді түрде талдау, сонымен бірге жаһандық дәуірде ұлттық жадыны жаңғырту, көркем мәтіндегі ұлттық бірегейлікті сақтаудың жаңа бағыттарын айқындайды. Осылайша, диссертацияның өзектілігі әдебиеттану ғылымының дамуына қосқан үлесімен дәлелденеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: **1) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық еңбектің мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеудің мазмұны А.Кемелбаева шығармашылық лабораториясын фольклорлық-мифологиялық негіздерден бастап метамодернистік үдерістерге дейінгі даму жолында кешенді қарастыру арқылы жүзеге асқан. Зерттеудегі шежірелік дәстүр, ұлттық код, мифопоэтикалық жүйе секілді өзекті мәселелердің жүйелі талдануы жазушының көркемдік әлемін теориялық тұрғыда айқындауға мүмкіндік беріп, мазмұн мен тақырыптың өзара логикалық сәйкестігін қамтамасыз етеді. Зерттеу жұмысының екі тарауы диссертация мазмұнына сай құрылған және диссертация тақырыбын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеудің басты мақсаты – А.Кемелбаева прозасын «ұлттық код» тақырыбында (шежірелік дәстүр, мифопоэтика, архетиптер) аясында кешенді түрде зерделеу. Аталған мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер: А.Кемелбаева әңгімелеріндегі мифопоэтикалық сарындар, фольклорлық мотивтердің рөлін анықтау; Туындылардағы архетиптік образдар

			жүйесін саралау; Қазақ әдебиетіндегі шежірелік проза жанрының теориялық негізін айқындау; А.Кемелбаева повестеріндегі кейіпкер психологиясы мен тұлғаның екіге жарылуы мәселесін салыстырмалы түрде қарастыру; қаламгер туындыларындағы ұлттық болмыс мәселелерін мәдени-семиотикалық тұрғыда талдау; «Мұнара» романын метамодернистік сипатта талдау. Жұмысты орындау барысында диссертант көрсетілген мақсат-міндеттерді түгел орындап шыққан.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың құрылымы анықтамалардан, кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу еңбекте көрсетілген бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда байланысқан. Ғылыми жүйе сақталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған қағидаттар дәлелденіп, нақты мысалдармен бекітіледі, оларды бұрыннан белгілі шешімдермен сыни тұрғыдан салыстырып бағаланған. Бұған дейінгі жазылған еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып, өзіндік тұжырымдар ұсынуында сыни талдау анық көрінеді. Бұл сыни талдаулар диссертацияның құндылығын арттыруда үлкен рөл атқарып тұр.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертант Абдуллина Анар Борановнаның диссертациялық жұмысындағы ғылыми нәтижелер мен ережелері толығымен жаңа. Диссертациялық жұмыста «ұлттық код», «неомифология», «неомистика», «шежірелік проза», «қорқынышты әңгіме» (страшилка), «метамодернизм» терминдері сараланып, олардың теориялық тұрғыда анықталуы ғылыми тұрғыда талданған. Нәтижесінде А.Кемелбаеваның шығармашылық лабораториясы тұңғыш рет

			диссертациялық деңгейде мифопоэтикалық негіздерден бастап метамодернистік бағытқа дейін кешенді түрде сараланған. Ізденуші А.Кемелбаева шығармашылығындағы ұлттық код пен мифопоэтиканы жүйелі түрде талдаған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Диссертацияның қорытындылары іргелі жаңашылдығымен ерекшеленеді, себебі мұнда А.Кемелбаева прозасының поэтикалық жүйесі тұңғыш рет кешенді түрде сараланған. Зерттеу нәтижесінде «шежірелік проза» жанрының теориялық негіздемесі жасалып, қазақ әдебиетіндегі метамодернизмнің алғашқы белгілері мен «Мұнара» романының осы ағымдағы орны ғылыми тұрғыда нақты айқындалды. Жұмыстың маңызды ерекшелігі – А.Кемелбаеваның шығармашылығы тұтастай алынып, жүйелі талдануында. Атап айтқанда, фольклортану, мифология, қазіргі қазақ прозасы, әлемдік әдебиеттану салаларының тоғысында зерттеу жүргізіліп, әдістемелік тұрғыда контент-талдау, мәдени-семиотикалық әдістер ұтымды қолданылған. Бұл өз кезегінде қазақ әдебиеттануы мен әлем әдебиеттануы ғылымдарының байланысын жаңа деңгейге көтерген. Зерттеуде шежірелік проза алғаш рет қарастырылып, оның қазақ әдебиетіндегі қалыптасу ерекшеліктері, шежіре дәстүрінің көркем мәтінге енуі анықталған. Сонымен бірге А.Кемелбаева прозасындағы неомифология, неомистика құбылыстары талданып, олардың айырмашылықтары зерделенді. Ұлттық код тақырыбы кешенді түрде талданып, үш деңгейде айқындалды. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық зерттеу – XXI ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі А.Кемелбаеваның шығармашылық лабораториясы
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			кешенді талданған алғашқы ғылыми еңбек ретінде бағаланады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген деуге болады.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Оған диссертациядағы теориялық еңбектермен қатар, талдаулар үлгі болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	7.1 Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген. 7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа. 7.4 Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең. 7.5 Зерттеу жұмысы барысында 10 ғылыми мақала жарық көрген. Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда – 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 5 мақала жарияланған. Халықаралық ғылыми конференция материалдарында – 3 мақала жарияланған. Барлық мақалалар диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) **жоқ;**	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ;	

		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған. Диссертациялық жұмыста зерттеу мақсатына сай бірқатар ғылыми әдістер кешені орынды әрі тиімді қолданылған. Атап айтқанда, бақылау, анықтау, синтездеу, салыстырмалы-тарихи, жалпылау сынды жалпы ғылыми әдістермен қатар, зерттеу нысанына тән арнайы талдау тәсілдері де қамтылған. А.Кемелбаева әңгімелеріндегі неомифология, неомистика, архетип, символ мәселелерін зерделеуде интерпретация, интермәтінділік, функционалдық және жүйелілік талдау әдістері; шежірелік прозаны талдауда салыстырмалы-типологиялық әдіс, ұлттық код, бірегейлік тақырыбында мәдени-семиотикалық әдіс, жазушы повестерін зерттеуде контент-талдау, фреймдік талдау әдістері, «Мұнара» романын талдауда эко-сын әдістері негізге алынды. Аталған әдістемелік ұстанымдар зерттеудің ғылыми жаңалығын ашуға және А.Кемелбаева прозасын жан-жақты сипаттауға мүмкіндік берген.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану нәтижесінде алынған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Иә. Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары мен негізгі тұжырымдары ғылыми тұрғыдан тиянақты негізделген, ауқымды теориялық материалдармен дәлелденген. Диссертант ұсынған теориялық қағидалар мен ұсыныстар нақты деректерге, отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып жүйелі түрде негізделген. Сонымен қатар, автордың өзіндік пайымдаулары нақты мысалдар арқылы дәйектеліп, ғылыми талаптарға сай жан-жақты талданған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Докторант зерттеу барысында қазіргі қазақ әдебиеттану, қазіргі проза, әлемдік әдебиеттану жайын сөз еткен отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін талдау арқылы маңызды мәлімдемелер жасаған. Бұл жұмыста жасалған сілтемелерден анық көрінеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Докторант зерттеу жұмысы барысында Қазақстан, Ресей Федерациясының және шетелдік ғылыми орталықтары мен кітапхана қорларындағы материалдарды тиімді пайдалана білген. Зерттеу аясындағы ізденістердің ауқымдылығын пайдаланылған әдебиеттер тізімінде қамтылған 178 дереккөздің болуы да айқын дәлелдейді.

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертацияда қол жеткізген нәтижелер теориялық тұрғыда әдебиеттану, қазіргі қазақ прозасы салаларындағы зерттеулер қатарын толықтыра алады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Бұл еңбекті ЖОО ұйымдарында әдебиет теориясы, қазіргі қазақ әдебиеті, қазақ прозасы сынды арнайы курстар, факультативтер, семинарларда қолдануға болады. Аталған ғылыми зерттеу жұмысы теориялық әрі практикалық материал ретінде қолдануға болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай орындалған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жасалған.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертация мазмұнымен, тұжырымдарымен, олардың дәлелдемелерімен танысып, зерделеуде арнайы ескерту жасайтындай кемшілік кездеспеді. Дегенмен, жұмыстың мазмұндық нақтылығын одан әрі арттыру мақсатында төмендегі ескертпені назарға алу орынды деп санаймын. Диссертант А.Кемелбаева прозасын неомистика, неомифология аспектілерінде талдау барысында кешенді талдау жүргізген. Соған қарамастан қазақ прозасындағы қаламгердің авторлық мифті жасаудағы ерекшеліктерін көрсетуде замандас жазушыларымен салыстыру қазақ әдебиетіндегі лайықты орны айқынырақ көрінер еді.

			Бұл ескертулер диссертацияның ғылыми жаңалығына, негізгі тұжырымдарына, мазмұндық дәлдігіне нұқсан келтірмейді. Тек рәсімдік, стильдік және мазмұнды толықтыру тұрғысындағы жеңіл түзетулерді көздейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысы барысында 10 мақаласы жарық көрген. Оның ішінде Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда – 2, Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 5 мақала. Халықаралық конференция материалдарының жинақтарында – 3 мақала. Диссертанттың ғылыми мақалалары талапқа сай жазылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02303 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша **Абдуллина Анар Борановнаны** (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған **«Айгүл Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және мифопоэтика»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:
1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Абдуллина Анар Борановнаың «8D02303 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «Айгүл Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және мифопоэтика» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
филология ғылымдарының докторы,
қауымдастырылған профессор (доцент) **Таңжарықова А.В.**